

## БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖОБАЛАУДЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

**Нарымбетова Анар Болатқызы**

[a.mukhanbetzhanova@asu.edu.kz](mailto:a.mukhanbetzhanova@asu.edu.kz)

«7M01301 Білім берудегі менеджмент»ББ-ның 2 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, қауымдастырылған профессор, п.ғ.д.- Муханбетжанова А.У

Білім беру мазмұны мәселесі педагогика ғылымында негізгі болып табылады. Ең алдымен мазмұны арқылы білім беру мекемесі білім беру өмірдің сұранысы мен талаптарына жауап береді, әртүрлі өмірлік сфераларда ұрпақтардың сабақтастығын қамтамасыз етеді, тұлғаның, оның дүниеге көзқарасының, әлемге және өз-өзіне деген адамгершілік қатынасының қалыптасуындағы рөлі зор.

Білім беру мақсатының, теориясының және тәжірибесінің негізінде білім беру мазмұнын құрудың келесідей заңдылықтары:

1. оның барлық элементінде және барлық деңгейінде мақсат пен *мазмұнның сәйкес келуі*. Бұл мазмұн құрамындағы білім, қабілет және дағды сияқты дәстүрлі элементтерден басқа, білім берудің гуманитарлық және тұлғалық бағыттылықтарына сәйкес шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен жалпы адами құндылықтарға тұлғалық қатынасын қарастыру қажеттілігінен туындайды. Мазмұнның осы элементтерін оқу үдерісінде оқушыларға ұсыну, оқушыларда өзбеттілікті, шығармашылық мүмкіндіктерін, өзіндік тұлғалық сапаларды қалыптастыруға, өзіндік оқу қабілетін қалыптастыруға көмегін тигізеді.
2. Оқытудың *іс-шаралық (процессуалдық) және мазмұндық жақтарының бірлігі*. Бұл – білім беру мазмұнының құрылуына және оның теориялық талдауында қолданылған тәжірибенің ұстанымы сипатталады. Бұл тұрғыдан мазмұнды педагогикалық шынайлықтан бөлек қарастыратын біржақты бағыттылыққа қарсы тұрады. Себебі білім беру мазмұны тек оқыту үрдісі негізінде жүргізіледі. Оқу пәнін немесе оқу материалын жобалауда қалыптасқан әдістерді, заңдылықтарды, қағидаларды және оқыту мүмкіндігін есепке алған жөн. Сонымен қатар, стандарттар мен бағдарламаларда тек қана мазмұнды емес, сонымен қатар оның оқушыларға берілуі мен бекітілуін көрсету керек.
3. Жалпыдан нақты формаларға жылжу кезіндегі оның құрылуының әр түрлі деңгейдегі, білім беру *мазмұнының құрылымдық бірлігінің сақталуы*. Осыған сәйкес білім беру мазмұны оқу пәндері немесе оқу бағдарламасының қарапайым бірлігі ретінде қарастырылады. Бөлек пәндер өзінің құрастырылуы кезінде білім беру мазмұнының құрамы мен құрылымының жалпы сипаттамасына бағытталуы керек. Бұл заңдылықтың мәні әрбір оқу пәні мен барлық оқу материалдарын құрудағы көзқарастар бірлігін қамтамасыз ету. Осындай бірліктің бір көрінісі мазмұнның оқу пәндердің құрылуына дейінгі, жалпы сипаттарына пәнаралық байланыстардың анықталуы. Әрине, білім беру мазмұны құрылымының келесі кезеңдерінде олар нақты толықтыруларға ие болады. Оқу пәндерінің мазмұны жағынан байланысты оқу пәндері толықтай құрылып және оларға оқу материалдарының жиынтығы енгізілгенге дейін жүзеге асуы керек.

Мазмұнның құрылуында дидактикалық негіздер басты маңызға ие, яғни теориялық педагогикалық пән ретіндегі дидактиканың басты жайттары есепке алынады. Жалпы қағидаларды жүзеге асыруда ең алдымен оқытудың негізгі дидактикалық сипаттамаларын есепке алған жөн: оқыту және оқу бірлігі, мазмұндық және үдерістік жақтардың бірлігі, оқытуды қарастыратын қырларының бірлігі. Бұл жайттар бүгін қандай сатыда қолданылады?

Уақыт көрсеткендей, білім беру жағдайларын өзгертумен қатар жаңа мәселелерді қарастыратын ғылым парадимасын өзгерту де қажет.

Білім беру мазмұнын құзыреттілік тұрғыдан жобалау жоғарыда айтылғандарға сүйеніп білім беру мазмұнына әлеуметтік тәжірибе аспектілерінде көрсетілген адам мәдениетінің педагогикалық моделі ретінде анықтама береміз:

- Білім беру мазмұнын жобалау – бұл төмендегідей дидактикалық қағидалар арқылы жүзеге асады:
- Қиындық қағидасы – объективті және субъективті қиындық деңгейлері оқушының жасына сәйкес болуы тиіс;
- Тұлғаны қамтамасыз ететін ғылыми база пәні сәйкес құрылымының қағидасы, бірізділік, теориялық ойлаудың дамуының дидактикалық қағидасы сәйкес келуі;
- Пәндік құрылымның жүйелік және жүйелілік қағидасына сәйкестігі;

Оқу үдерісі кезінде оқылатын ақпараттың практикалық маңыздылық *қағидасы*, сонымен қатар техникалық, әлеуметтік, эстетикалық және этикалық нәтижесі.

Тұжырымдаманың мақсаты – 12 жылдық мектеп жағдайында ҚР жалпы орта білім беру жүйесін жаңарту мен дамыту стратегиясы төмендегіше айқындалған: жоғары динамикалы, жаһандану дәуірінде өмір сүру үрдісінің, ойлау мен қарым-қатынасты түбегейлі өзгертетін байланыс құралының қарқынды дамуы, сондай-ақ адамның интеллектісіне, әлауқаттылығына, оның икемділігіне, жасампаздық іс-әрекетіне қол жеткізетін тәсілдер қоғамның негізгі капиталы бола бастады. Қазақстан қоғамындағы мұндай жағдайда өзекті мәселелердің бірі - өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтік, белсенділік, әлеуметтілік жауапкершілік, ой-өрісінің кендігі, жоғары кәсіби деңгейлі сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.

Қазақстандық жалпы орта білім беру мазмұны: оқушының өмірдегі құзыреттілігі үшін жеткіліксіз болып отырған әрбір оқу пәні бойынша білімі, білігі және дағдысын алу тәртібімен ғана сипатталады. Білім беру мазмұнының артық ақпараттылығы оқушының оқуға ынтасының төмендеуіне және денсаулығының нашарлауына себепші болады. Мектеп түлегінің әлеуметтік және қоғамдық өмірдегі тұрақты өзгерістерді ескере отырып, қоғам өміріне еркін енуіне дайындығын қамтамасыз ететін жалпы орта білімді дамытудың қарқынын арттыру қажеттігін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Оқушыны тұлғалық дамыту міндеттерін іске асырудағы, оның психикалық және физиологиялық денсаулығын сақтаудағы, әлеуметтендірудегі мектеп білімінің рөлін күшейтудің маңызы зор.

Нәтижеге бағдарланған білім беру моделінде оқыту оқушы мен мұғалімнің өзара байланыс әрекетіне әр оқу процесі компоненттерінің мақсаттарын шектеуді талап етуді мақсатты ұйымдастырылған болып табылады.

Мұғалім қызметінің мақсаты:

- білім беру саласының пәндік және негізгі мақсаттарын ескере отырып, оқу процесінің негізгі мақсаттарын жобалау;
- оқу процесін оқу материалдарын игеруді ұйымдастыру бойынша міндеттер кешенін шешуге бағдарланған білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес конструкциялау;
- оқу материалдарын даярлау және оқу мақсаттарына сәйкес оқытуды ұйымдастыру;
- оқу процесін жобалауға және іс жүзінде іске асыруда ақпараттық ортаның әлеуетін пайдалану;
- оқушының оқу материалын игеруінің тұлғалық-әрекеттік бағыттылығын реттеу;
- оқушының оқу дамуын ұйымдастыру үшін толыққанды жағдай жасау;
- құзыреттілік түрінде жеке қол жеткізген нәтижелеріне жағымды эмоция туғызу, қолдау көрсету және психологиялық жағымды орта құру;

- оқушының өзінің алған білімін қолдана білудегі жеке тәжірибесі мен өзін-өзі анықтау, өзін таныту, өзіндік білін көтеруге дайындығы бойынша білім алу кеңістігін кеңейту мүмкіндіктерін қарастыру;
- ағымдағы нәтижелерді бағалау, қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған оқытуды уақытында түзету;
- Оқушы қызметінің мақсаты:
- жеке білім беру траекториясын қоя білуге берілген мүмкіндікті қолдану
- әрекет ету әдістерін, тәсілдерін, біліктілігін оқу мен әлеуметтік құзіреттіліктің құрамдық бөлігі ретінде игеру;
- оқу жағдайларын шешуге немесе құзыреттіліктің пайда болуына арналған жұмыстардың әдістері мен тәсілдерін, біліктері мен дағдыларын кіріктіру;
- жалпы орта білім беретін мектептегі білім беру мазмұнын игеруге және оны жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндікті қолдану.

Оқытудағы тұлғаның психологиялық және физиологиялық денсаулығын дамытудың міндеттерін білім беру процесін ұйымдастыруда біртұтас қарастырылатын денсаулық сақтаудың пәндік-кеңістік ортасын құрудың маңызы көрсетілген.

Жаңа педагогикалық технологияларда педагогтың ақпарат беруші қызметімен бірге үйлестіруші, кеңесші, оқушының шығармашылық белсенділігі мен өзіндік танымдық қызметін ұйымдастырушы қызметіне көшіріледі. Нәтижеге бағдарланған білім беру моделінде негізгі қызметті оқушының оқыту кезеңдерінде тұлғалық ішкі ресурстарын дамытуды қадағалау болып табылатын психологиялық қызметтің рөлі артады. Тұлғалық-бағдарлық оқытудың міндеттерін табысты іске асыруды ұйымдастыру тәртібін тиімді қолдану қарастырылған.

Жалпы орта білім мазмұнын қалыптастырудың негізгі жалпы әдіснамалық ұстанымдары педагогикада төмендегіше қалыптасқан: мазмұнның азаматтық және адамгершілік бағыттылығы, оқу материалының жалпы білім беру сипаты, оқу материалының қоғамдық практикамен тығыз байланысты болуы, оқу материалының жүйелілігі, оқу курсының кіріктірілуі, білім мазмұнының этикалық сипаты, оқу материалының дамытушылығы, оқу пәндерінің өзара байланысы және т.б.

Білім беру мазмұны педагогикалық процестің мәнді жағымен де шартталады, өйткені тұлғалық сипаттағы сұрақтарға жауап береді. «Өз бетті өмірге қандай тұлға енеді?», «Ол динамикалық дамып жатқан ортада өмір сүруге қабілетті ме?», «Өзінің және қоғамның қызығушылықтары бойынша өзін-өзі өзектендіруге дайын ба?», «Қандай құндылық бағдарлардың тасымалдаушысы болады?», «Ойлары мен идеялары қаншалықты шығармашыл болады?», «Тұлға қоғамда қандай өмірлік позицияны ұстанады?», «Қоршаған ортаға, басқа адамдарға қандай қатынасының көрінуімен сипатталады?».

Сонымен, педагогика ғылымы тарапынан білім беру және білім беру мазмұнын қалыптастыру мәселесіне үлкен назар аударылғандығы белгілі болды. Танымал ғалымдар еңбектерінде әлеуметтік-педагогикалық институт ретіндегі жалпы білім беретін мектептің қызметтері анықталды, оқу-тәрбие процесін, білім беру мазмұны мен ұйымдастыру формаларын жетілдіру мәселесі зерттелінді, педагогикалық іс-әрекет, олардың шығармашылық түрлендіруші ролі мәселесіне үлкен назар аударылды.

Мектептің білім беру қызметін жүзеге асыруға бағдарланған дәстүрлі педагогикада білім беру мазмұны жүйеленген білімдер, іскерліктер мен дағдылар, көзқарастар мен тұжырымдардың жиынтығы ретінде, сонымен қатар оқу-тәрбие жұмысы нәтижесінде жететін танымдық күштерін дамытудың және практикалық дайындықтың белгілі бір деңгейі анықталады. Бұл білім беру мазмұнының мәнін анықтауға *білімдік-бағдарланған* деп аталатын тұрғы.

Мұндай тұрғыда назарда ізденіс пен тарихи тәжірибе процесінде жинақталған адамзаттың рухани байлығының бейнесі ретіндегі білім орын алады. Білім маңызды әлеуметтік құндылықтар, сондықтан да білімдік-бағдарланған білім беру мазмұны шартсыз

мағынаға ие. Ол тұлғаның әлеуметтенуіне, адамның әлеуметтік ортаға енуіне мүмкіндік береді. Бұл көзқарас тұрғысынан мұндай білім беру мазмұны өмірді қамтамасыз етуші жүйе болып табылады.

Алайда білім беру мазмұнына деген білімдік-бағдарланған тұрғыда білім абсолютті құндылық болып табылады, ал адам оның тасасында жасырын қалады. Бұл білімнің ғылыми өзегінің идеологиялануы мен тәртіптілігіне, оның академиялығына, білім беру мазмұнын орташа оқушыға бағдарлануға және басқа теріс салдарларға әкеледі.

Білім беруді ізгілендіру идеясы аясында білім беру мазмұнының мәнін анықтауға тұлғалық-бағдарлы тұрғы тұжырымдалуда. Бұл тұрғы И.Я.Лернер және М.Н.Скаткин, Б.М.Бим-Бад және А.В.Петровскийдің еңбектерінде көрініс тапқан. Осылайша, И.Я.Лернер және М.Н.Скаткин білім беру мазмұны деп педагогикалық бейімделген білімдер, дағдылар мен іскерліктер, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен эмоционалды-еріктік қатынас тәжірибесінің жүйесін түсінеді, оны меңгеру қоғамның материалды және рухани мәдениетін қайта жаңғыртуға (сақтауға) және дамытуға дайын жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған.

Сонымен, білім беру мазмұнының мәнін анықтауға тұлғалық-бағдарлы тұрғыда абсолютті құндылық болып тұлғадан шеттетілген білім емес, адамның өзі табылады.

В.В.Краевский еңбектерінде мектептің білім беру мазмұнының қалыптасу теориясындағы – формалдық және материалдық білім беру теорияларына сүйенетін білім беру мазмұнының түрлі тұжырымдамалары берілген. Оның әрбіреуі адамзаттың дүниедегі, қоғамдағы орны және іс-әрекетімен байланысты. Мысалы, білім беру мазмұны тұлғаның бойында шығармашылық икемділік, таңдау еркіндігін іске асыра білу, адамдарға әділ қатынас, т.б. сияқты жағымды қасиеттерді қалыптастыратын, педагогикалық бейімделген ғылым негіздері ретінде; оқушы меңгеруге тиіс білім, икемділік, дағдылар жиынтығы ретінде; шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен эмоционалды-құндылық қатынастары құрамына енетін адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі ретінде қарастырылады.

Бұл элементтер арасындағы байланыстар қазіргі білім мазмұнының құрылымын түзеді, сонымен қатар, әрбір элемент өзіне тән қызмет атқарады.

Салыстырмалы түрде оқыту теориясы мен педагогикалық практикада басым түрде білім беру мазмұны – білім, іскерлік, дағды – БІД деп аталатын жүйе ретінде беріледі. Ал бұл білім, іскерлік және дағдыны меңгеру адамға өмір сүріп тұрған қоғамдық құрылымның ішінде барабар қызмет етуге мүмкіндік беретінін білдіреді. Алайда, меңгерілген білім беру мазмұны өмірге тартудың алғышарты ғана емес, сонымен қатар басқа өмірлік іс-әрекеттің формалары мен жағдайларына қатысуға дайындайтын оның бір формаларына тарту нәтижесі болу үшін тек білім, іскерлік және дағды жеткілікті емес.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Теоретические основы содержания общего среднего образования / Под ред. В.В.Краевского, И.Я.Лернера. – М., 2003. – С. 44-57.

2. Мұханбетжанова А.Ө. Білім берудің нәтижеге бағытталған мазмұнын

және бағдарламасын жобалау, Білім берудегі менеджмент, Алматы, №2, 2010.Б 65-69.

3. Мұханбетжанова А.У Теоретические основы проектирования нового содержания начального образования, Білім –Образование, №4 (52), 2010, Б 128-133.

4. Абдыкеримова Э.А., Кошанова Г.Р. «Жоғары білім беру жүйесіндегі

интербелсенді оқыту» 2024

5. Zhandildina R. E. Cognitive skills for preschoolers activity development methodology

2024